КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылғы 12 ақпан 7119-25-00-2/15097 Астана қаласы
7119-26-00-2/1410

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Кусманова,
сот отырысының хатшысы К.Д. Жайлау қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

негізгі талап бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Аурухана)

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«AminaTrade» Айдын Болатович Байзулин жеке кәсіпкері
«KAZ Industrial Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

қарсы талап бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«AminaTrade» Айдын Болатович Байзулин жеке кәсіпкері

ЖАУАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Р.Байзульдинова
аудармашы К.Ж.Габдулжаппар

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талап қоюшының өкілі А.С.Дабылдина
жаупкер А.Б.Байзулин, оның өкілі Ю.В.Солоник
«KAZ Industrial Services» ЖШС-тің өкілі Ж.М.Абрай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 7 қазанда Аурухана мен «AminaTrade» ЖК арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (Тауарларды мемлекеттік сатып алу № 2039 (бұдан әрі - 1Шарт). 1Шарттың талаптары бойынша Жауапкер тауарды жеткізу міндеттемесін өз мойнына алды - саны 3 дана, жалпы сомасы 15 900 000 теңге. Жеткізу мерзімі - өтінім бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде.

Техникалық ерекшелікке сәйкес жеткізілуге тиіс заттар: Ас үйге арналған электр ыдыс жуғыш машина. Табақтар, стақандар, ас құралдары, науалар, шыныаяқтар, салат ыдыстарын қолдануға рұқсат етілген сұйық жуғыш және шаю құралдарын пайдаланып жууға арналған. Конструкциясы ыстық және суық сумен пайдалануға мүмкіндік береді. Келесі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келеді: «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»; «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»; «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі». Техникалық сипаттамалар: Номиналды тұтыну қуаты: 6 кВт Номиналды кернеу: 380 В, бейтараппен бірге үш фазалы айнымалы ток, 50 Гц. Жуғыш затты беру: автоматты Конструкциясы: қос қабырғалы Су шығыны (цикл бойынша): 2,5 л Қазандық көлемі: 10 л Ванна көлемі: 19 л Дезинфекциялау температурасы: 90 °C. Габариттік өлшемдері (Ені × Ұзындығы × Биіктігі): 580,5 × 600 × 815 мм Салмағы: 50 кг Құжаттама және материалдар: Пайдалануға қабылдау актілері. Ауыстырылған құбыр учаскелерінің сызбалары. Пайдаланылатын барлық материалдар мен жабдықтардың тізбесі паспорттарымен, сәйкестік сертификаттарымен және санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларымен (ЕАЭО ТР, ҚР СанПиН сәйкес). Пайдаланылатын материалдар Қазақстан Республикасының медициналық мекемелерінде қолдануға рұқсат етіледі. Ілеспе қызметтер: Жаңа құбырларды монтаждау қолданыстағыларға параллель жүргізіледі және келесі талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады: технологиялық карталар; жобалық құжаттама; ҚНжЕ, ГОСТ 14227-97; санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы ережелер. Әрбір құбыр учаскесін монтаждау аяқталғаннан кейін қосылыстар сапасы тексеріледі: көрнекі бақылау (муфталық, түйістік, электр дәнекерлеу). Осадканың біркелкілігі, деформациялардың, ағындардың, күйіктердің және ығысулардың болмауы тексеріледі. Барлық сынақтар Тапсырыс берушінің өкілінің қатысуымен жүргізіледі. Ақаулар анықталған жағдайда Мердігер оларды жояды және сынақтарды қайта өткізеді. Жұмыстар инженерлік желілер мен медициналық жабдықтарды қорғауды ескере отырып орындалады. Жұмыс аймақтары қоршалады және ескерту белгілерімен таңбаланады. Жұмысшылар бір үлгідегі арнайы формамен қамтамасыз етіледі, ол оларды персоналдан айырып көрсетеді.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 19.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 22.04.2026, судья Кусманова А. К., 05.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«AminaTrade» ЖК тауарды талапкерге жеткізген, бірақ ол қабылданбаған. Талап қоюшы тауардың сапасы мен жиынтығының Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкессіздігі туралы акт жасады.

Актіге сәйкес тауарды қабылдау кезінде мынадай сәйкессіздіктер анықталды: Техникалық ерекшелік бойынша - Жуу құралының дозаторы автоматты. Іс жүзінде дозатор болмағандықтан, жауапкер оны қабырғаға ыдыс жуатын машинадан бөлек орнатқан. Дозатор шыққан жері белгісіз және дұрыс жұмыс істемеді.

Техникалық ерекшелігі бойынша - бойлер көлемі 10 литр. Іс жүзінде - пайдалану жөніндегі нұсқаулықта бойлердің көлемі туралы ақпарат болмаған.

Техникалық ерекшелігі бойынша - дезинфекциялау температурасы 90°. Іс жүзінде - пайдалану жөніндегі нұсқаулықта дезинфекциялау температурасы туралы ақпарат болмаған.

Техникалық ерекшелігі бойынша - салмағы 50 кг. Іс жүзінде - 60 кг астам.

Тауар қабылданбады. Талапкер 2025 жылғы 2 желтоқсанда бір жақты тәртіппен Шартты бұзған.

2025 жылғы 8 тамызда Аурухана мен «KAZ Industrial Services» ЖШС арасында Құрылысқа байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт) № 1683 (Ары қарай–2 Шарт). 2 Шарттың талаптары бойынша Жауапкер құны 6 541 920 теңгені құрайтын имидждік және кәдесый өнімдерін дайындау жөніндегі жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме алды. Дайындау мерзімі - өтінім берілген сәттен бастап 30 күнтізбелік күнге дейін. Яғни 2025 жылдың 10 қарашасына дейін.

Жұмыстар белгіленген мерзімде орындалмаған, осыған байланысты талапкер 2025 жылғы 22 желтоқсанда 2Шартты бір жақты тәртіппен бұзған.

Талапкердің талап-арызында жауапкердің шарттық міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны көрсетілген, бұл оларды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану және міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін олардан тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

«AminaTrade» ЖК жауапкері талаппен келіспеді, 1Шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талапты мәлімдеді. Жеткізілген тауардың - ыдыс жуатын машиналардың Техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келетінін көрсетті.

Талапкердің өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, «AminaTrade» ЖК қарсы талап қоюдан бас тартуын өтінді.

Жауапкерлердің өкілдері бастапқы талаптан бас тартуды өтінсе, «AminaTrade» ЖК қарсы талапты қанағаттандыруды өтінді.

«KAZ Industrial Services» ЖШС өкілі сотқа Қытайдан имидждік және кәдесый өнімдеріне тапсырыс бергенін түсіндірді. Өнімнің 40% -ы алынды және Ауруханаға жіберілді, қалған 60%-ы логистикалық проблемаларға байланысты Қытайдан алынбады. Жаңа жыл мерекесі басталып, өндіріс тоқтатылды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

1Талап

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 19.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 22.04.2026, судья Кусманова А. К., 05.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдеде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабы 4-тармағының 4-тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот 1Шарт бойынша «AminaTrade» ЖК жеткізген ыдыс жуатын машиналар Техникалық ерекшелікке толық сәйкес келмегенін анықтады. Осыған байланысты талапкер оларды қабылдамады. Техникалық ерекшеліктегі тауардың сәйкессіздігі талапкердің сәйкессіздік актісінде келтірілген.

Сондай-ақ 2 Шарт бойынша «KAZ Industrial Services» ЖШС міндеттемелері тиісті түрде орындалмады, себебі жұмыстар толық сомаға орындалмаған.

Осылайша, жауапкерлер 1, 2-Шарттар бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамады, тапсырыс беруші шарттарды жасасу кезінде үміттенгенін ала алмады, бұл оларды бұзу үшін негіз болды. Осыған байланысты талапкердің жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптары негізді болып табылады және қанағаттандырылуға тиіс.

2-талап.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышкер міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, атап айтқанда орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда кредиторға төлеуге міндетті заңмен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) деп танылады. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап бойынша кредитор өзіне залал келтірілгенін дәлелдеуге міндетті емес.

1 Шарт бойынша талап қоюшы тұрақсыздық айыбын есептеді (Шарттың 7.3-тармағы), оның мөлшері 2025 жылғы 8-27 қараша аралығындағы кезеңде 318 000 теңгені (15 900 000 теңге х 0,1% х 50 күн) құрады.

2Шарт бойынша талап қоюшы тұрақсыздық айыбын есептеді (Шарттың 8.3-тармағы), оның мөлшері 2025 жылғы 11-27 қараша аралығындағы кезеңде 111 213 теңгені (6 541 920 теңге х 0,1% х 17 күн) құрады.

Сот есептеуді тексерді және дұрыс болып табылады. Тауарды жеткізуді және жұмыстарды орындауды кешіктіру орын алғандықтан, тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға негіз бар.

Бұл бөлікте талап қою да қанағаттандырылуға жатады.

Қарсы талап қою.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық кодекс) 401-бабының 2-тармағына сәйкес, тараптардың бірінің өтініші бойынша шарт сот шешімімен тек: 1) екінші тарап шартты елеулі түрде бұзған жағдайда; 2) осы Кодексте, басқа заңнамалық актілерде немесе шартта көзделген басқа

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 19.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 22.04.2026, судья Кусманова А. К., 05.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жағдайларда өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Тараптардың бірінің шартты бұзуы елеулі деп танылады, егер екінші тарап үшін шарт жасасу кезінде сенуге құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылатын болса.

АК-нің 404-бабының 1-тармағына сәйкес шартты орындаудан біржақты бас тартуға (шарттан бас тартуға) осы Кодексте, өзге де заңнамалық актілерде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

АК-нің 404-бабының 4-тармағына сәйкес шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, егер осы Кодексте, басқа заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, тарап бұл туралы екінші тарапты бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс.

Тапсырыс берушінің Шарттарды біржақты тәртіппен бұзу құқығы Шарттардың 8.3, 8.4-тармақтарында көзделген.

Тауардың Техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтінін, ауыстырылмағанын ескере отырып, талапкердің оны бұзу жөніндегі іс-әрекеттері заңнамаға да, 1Шарттың өзіне де сәйкес келеді. Сондай-ақ Шарттың барлық сомасына тауар жеткізілмегендіктен, талапкердің 2 Шартты бұзу жөніндегі іс-қимылы заңнамаға сәйкес келеді.

Осылайша, «AminaTrade» ЖК-ның шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы біржақты тәртіппен бас тартуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкерлер «AminaTrade» Айдын Болатович Байзулин жеке кәсіпкерін, «KAZ INDUSTRIAL SERVICES» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы толық қанағаттандырылсын.

«AminaTrade» Айдын Болатович Байзулин жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«KAZ INDUSTRIAL SERVICES» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«AminaTrade» Айдын Болатович Байзулин жеке кәсіпкерден Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның пайдасына 318 000 (үш жүз он сегіз мың) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 9 540 (тоғыз мың бес жүз қырық) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

«AminaTrade» Айдын Болатович Байзулин жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 19.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 22.04.2026, судья Кусманова А. К., 05.05.2026
7119-25-3-1/15189

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«KAZ INDUSTRIAL SERVICES» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның пайдасына 111 213 (бір жүз он бір мың екі жүз он үш) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 3 336 (үш мың үш жүз отыз алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

«KAZ INDUSTRIAL SERVICES» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

«AminaTrade» Айдын Болатович Байзулин жеке кәсіпкері жауапкер Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынны шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 19.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 22.04.2026, судья Кусманова А. К., 05.05.2026